



Президент елордадағы бірқатар нысанды аралады



Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің жаңа ғимаратына барды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен архив Алматыдан Астанаға көшірілді. Бұл ел тарихына қатысты құжаттар сақталатын орын ғана емес, білім және ғылыми-әдістемелік кешен ретінде қызмет көрсететін Орталық Азиядағы алғашқы архив болмақ.

дыбыстық-бейнелік жазбаларды сақтауға, сондай-ақ шағын таспалардағы және электрондық құжаттарды сақтандыру қорын орналастыруға арналған.

Президент Архивінде Қазақстанның 1918 жылдан бергі саяси тарихына қатысты құжаттардың мол қоры жинақталған. Атап айтқанда, қорда еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, сыртқы және ішкі саясаты, халықаралық

қатынастары, экономикалық қайта құру үрдістері мен әлеуметтік-мәдени дамуы бойынша материалдар бар.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жүргізіліп жатқан қайта жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысына жаңғырту жұмыстарынан кейін бас ғимараттың көлемі 10 мың шаршы метрге ұлғайып,

38 мың шаршы метрге жуықтағаны жөнінде баяндалды.

Соның нәтижесінде жаңа арнаулы аудиториялар ашуға мүмкіндік туды. Ауқымды іс-шаралар өткізетін 1 100 орындық үлкен концерт залы пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, оқу корпусында академиялық музыкаға арналған камералық зал, дайындық студиялары, студенттер мен өзге де суретшілердің туындыларын қойылатын көрме галереялары бар.

Арнаулы ғимаратта мұрағат қоймасы, зертханалар, интерактивті экспозиция және оқырман залдары,

жұмыс бөлмелері мен әкімшілік аумақ орналасқан. Мұндағы 24 мұрағат қоймасы қағаз жүзіндегі құжаттарды,

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Т.Б. Дүйсенова туралы

Тамара Босымбекқызы Дүйсенова Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 14 ақпан
№ 785

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Б. Көшербаев туралы

Ермек Беделбайұлы Көшербаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 14 ақпан
№ 786

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлан Телманұлы Ұранхаев Абай облысының әкімі лауазымынан босатылды.



Қытайда IX қысқы Азия ойындары мәресіне жетті. Хоккейден ерлер құрамасы 9 жыл бұрынғы биігінен көрініп, чемпион атанды. Хоккейшілеріміз қысқы Азия ойындарына 1996 жылдан бері тұрақты қатысып, 5 мәрте топ жарды.

Азиада: абыройымызды асқақтатқан алтын



Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

есебімен ойсырата ұтты. Андрей Буяльский 17-минутта есеп ашса, Дмитрий Бреус 21-минутта екінші шайбаны соқты. 37-минутта Роман Старченко, Кирилл Панюков 42, 44-минуттарда нәтижені еселеді.

Айдындағы тартыста алтын бұйырды

Олег Болякин баптайтын еліміздің ерлер құрамасы финалда Жапония хоккейшілерін 5-0

Жұмысшылар қаласындағы бір күн



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Әдетте фестиваль дегенде көз алдымызға концерт, ойын-сауық, түрлі шоу бағдарламасы елестейді. Ал Астанадағы қыз-қыз қайнаған «Жұмысшылар қаласы» фестивалінің жөні бөлек. Өйткені мұнда 200-ден аса мамандықтың қырсырына қанығып, түрлі кәсіптің ерекшелігімен танысуға болады. Осы бір кереметті көзімізбен көріп, жұмысшы мамандығына деген оқушылардың көзқарасын, студенттердің қызығушылығын білмекке ЕХРО көрме алаңына біз де арнайы ат басын бұрдық.



Бекзат ҚҰЛШАР,
«Egemen Qazaqstan»

Алаңдағы атмосфера ә дегеннен әдемі әсерге бөледі. Көз алдымызда сай-салаға күйған өзен суындай сегіз көше сайрап жатыр. Соның алғашқысы – тау-кен ісі және

металлургия көшесі. Осындағы оқушылардың кенші формасын киіп, виртуалды көзілдірік арқылы шахтаға саяхаттап жатқаны ерекше әсерлі көрінді. Олардың таңданысы тілдерінен де, түрлерінен де көрініп-ақ тұр. Мамандық иелері металдың табиғатын балаларға оңай әрі қызықты түсіндіріп жатыр.

– Балалар, суретте көріп тұрған «Бостандық мүсіні» бастапқыда қандай түсті болған деп ойлайсындар? – деп нұсқаушы қыз оқушыларға сауал тастады. Шыны керек, бұл сұраққа үлкендердің өзі біраз ойланyp қалды.

5 >

КӨКЕЙКЕСТІ

Медициналық қызметтің күнгейі мен көлеңкесі

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) бойынша медициналық қызмет алатын тұрғындар бюджет есебінен қаржыландырылады, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қосылғандар Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына ай сайын жалақысынан жарна төлейді. Денсаулық сақтау саласына тиесілі қаражат еселеп ұлғайғанымен, МӘМС жүйесіне, қордың жұмысына қатысты түрлі пікірталас толастаған емес.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»
Министрлік пен қордың мақсаты – ортақ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Әділетті Қазақстан:

заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында: «Денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 трлн теңге қаржы бөлінді. Бірақ оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ. Медициналық сақтандыру

жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкеп соқтырды. Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы кезек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай

мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек», деп атап өтті.

Президент тапсырмасынан кейін Денсаулық сақтау министрлігі Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен бірлесіп тиісті іс-шаралар қабылдады. Қор мен министрліктің жұмысы медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталды. Цифрландыруға басымдық берілді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында ахуалдық-талдау орталығы ашылды.

7 >

ЭКОНОМИКА

«QARMET» ІШКІ НАРЫҚТЫ ТОЛЫҚ ҚАМТИДЫ

6

РУХАНИЯТ

ҚАЛАМҒЕРДІҢ ҚАРҚАРА САПАРЫ

9

ЗЕРДЕ

ҚАЙРАТКЕР МЕРЕЙТОЙЫ: АЛАҢ МЕН ҮМІТ

10